

ЛАТЫН ӘЛІПБИР ЖАҢА КӨҚЖИЕК

"Латын графикасына көшу – болашақтың бағдары"

**Мурат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Осындай атапумен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының "Рұхани жаңғыру" жобалық кеңесесінде казак жазуын латын графикасына көшіру үрдісіне байланысты қала-лық семинар өтті.

Семинарды институт ректоры Сейітбек Куанышбаев ашып, қатысушылар қалалық тілдерді оқыту орталығының директоры Баян Қалмағанбетованаң "Латын әліпбіне көшу заман тала-бы", институттың "Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру" кафедрасының оқытушысы, магистр Зәуре Фалымжанованың "Латын әліпбіне көшүдегі қоғамдық көзқарас" атты баянда-маларын тыңдады.

2017 жылдың 26 қаза-нында Елбасы қазак тілі карітерін кириллицадан латынға көшірі туралы та-рихи жарлыққа кол койды. 2018 жылы 18 қантарда "Егemen Қазақстан" газетінде емленін соңғы нұсқасы басылып шыкты.

Қалалық тілдерді оқыту орталығы "Қазак әліпбін



латын графикасына көші-ру" мәселе сі бойынша қала әкімі бекіткен желілік жос-пар құрып, әкімдік жаңынан құрылған акпараттық – түсіндіру тобы мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, білім, медицина, құқық және спорт саласының қызыметкерлерімен және сту-дент жастар арасында кез-десулер мен дәңгелек үстелдер өткізді.

Жоба аясында 2018 жы-лы 242 іс-шара өтіп, оған 5894 адам (2017 жылы – 4009 адам) қатысты.

– Бұғаңгі таңда облыс әкімінің алдағы наурыз айының 20-на дейін облыс-

тық жалпыхалықтық дик-тант өткізу жөніндегі тап-сырмасын жүзеге асыруға дайындық үтстіндеміз, – деді Баян Сәруәркызы.

Сондай-ақ, институт профессорлары Әбілхан Үмбетов, Айбек Қалиев және Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі мен Арқалық политехникалық колледжінің тіл мамандары Серік Қапа-ров, Бағила Балмашевалар ой-пікірлерін ортаға салды.

Арқалық қаласы.

СҮРЕТТЕ: семинардан көрініс.

Суретті түсірген автор.